

## Шектеу іс-шараларын белгілеу туралы

### *Күшін жойған*

Солтүстік Қазақстан облысының Ғабит Мүсірепов атындағы ауданы Қырымбет ауылдық округі әкімінің 2017 жылғы 24 сәуірдегі № 1 шешімі. Солтүстік Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2017 жылғы 28 сәуірде № 4168 болып тіркелді. Күші жойылды - Солтүстік Қазақстан облысы Ғабит Мүсірепов атындағы ауданы Қырымбет ауылдық округі әкімінің 2017 жылғы 13 қарашадағы № 5 шешімімен

Ескерту. Күші жойылды - Солтүстік Қазақстан облысы Ғабит Мүсірепов атындағы ауданы Қырымбет ауылдық округі әкімінің 13.11.2017 № 5 шешімімен (алғашқы рет ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі).

"Ветеринария туралы" Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 10 шілдедегі Заңының 10-1 – бабының 7) тармақшасына сәйкес, Солтүстік Қазақстан облысы Ғабит Мүсірепов атындағы ауданның бас мемлекеттік ветеринарлық-санитарлық инспекторының 2017 жылғы 18 сәуірдегі № 08-08/151 ұсынысы негізінде, Солтүстік Қазақстан облысы Ғабит Мүсірепов атындағы ауданның Қырымбет ауылдық округінің әкімі **ШЕШТІ**:

1. Солтүстік Қазақстан облысы Ғабит Мүсірепов атындағы ауданның Қырымбет ауылдық округі Сокологоровка ауылының Карл Маркс көшесінде ірі кара мал арасында бруцеллез ауруының туындауына байланысты шектеу іс-шаралары белгіленсін.

2. Осы шешімнің орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.

3. Осы шешім бірінші ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

*Округ әкімі*

*Қ. Беркінәлі*